Бекітілді ___
«Babi» жеке бөбекжайының
әдіскері Махамбет Қ.М

# Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** «Babi» жеке бөбекжайы
**Топ:** «Еркемай» кіші тобы
**Балалардың жасы:** 2 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 05 – 09.01.2026 ж
**Құндылық:** Заң және тәртіп
**Құзыреттілік:** Азаматтық борыш және парасаттылық

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 05.01.2026 ж | Сейсенбі 06.01.2026 ж | Сәрсенбі 07.01.2026 ж | Бейсенбі 08.01.2026 ж | Жұма 09.01.2026ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалардан демалыс күндері қалай өткізгендері туралы әңгімелесу. **Күй күмбірі:** Құрманғазы Сағырбайұлы «Адай» күйін тыңдау. | Балалармен амандысып, балалар өздерінің көңіл күйін смайлик таңдау арқылы көрсетеді. **Күй күмбірі:** Халық күйі «Ақсақ құлан» | | Балалар түрлі-түсті жолақтардан өтіп, өзіне ұнаған смайликтерді таңдап, оны қайталап өзінің бүгінгі көңіл күйін білдіру. **Күй күмбірі:** Қазанғап «Көкіл» күйін тыңдау. | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу. **Күй күмбірі:** Құрманғазы Сағырбайұлы «Балбырауын» күйін тыңдау. |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Талап бар жерде тәртіп бар.Әр ата-ана өз баласын тәртіпті болуға тәрбиелеу.Расыменде тәртіпке бағына білген адам ешкімнен қорлық көрмейді. | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және** | «Болады –болмайды» Қайшымен ойнау Досыңды итеру Терезеден қарау Ойыншық жинау Балалар дұрыс белгі | **Сенсорика** Геометриялық пішін» Пішіндерді дұрыс атау, Пішіндердің түстерін дұрыс атауға үйрету | | **Құрастыру** Қиынды суреттерден қыс мезгілі ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру. | **Құрастыру** «Аққала»дөңгелек пішіндерден құрастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| басқалары)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету | көтереді. | | | | |
| Ертеңгілік жаттығу | **Дене тәрбиесі***** Таңертеңгілік кешен №9 (құралсыз) | | | | |
| Таңғы ас | Тамақ ішу мәдениетін үстелде тамақтану кезінде асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру.Ауызды толтырып сөйлемеу.Тамақты төкпеу.<br>Дастарханыңа береке берсін<br>Бастарыңа мереке берсін. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі -ҰІӘ)** | **Тіл дамыту**<br>«Жаңа жыл мерекесі» тақырыбында әңгімелесу. | **Көркем әдебиет**<br>«Аққала» туралы тақпақ жаттау.<br>Қар жауғанда топ бала,<br>Соқтық келіп Аққала. | | **Тіл дамыту**<br>«Сезім мүшелерін ата»<br>Шарты: ойын арқылы сезім мүшелерін табу біледі, атай алады. | **Көркем әдебиет**<br>«Аяз ата»<br>**Жаңа жыл** келгенде<br>Қуанып қарсы аламыз.<br>Аяз Ата келгенде<br>Билейміз,ән саламыз. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>Сапқа тұру.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар:<br>Қолды кеудеде айқастыру және екі жағына жазу,артына жіберу,шапалақтау.<br>Тыныс алу жаттығуы:<br>Шеңбер бойімен колдарын жоғары көтеріп ауа жұту колдарын төмен түсіріп дем шығару.<br>Негізгі қимылдар:<br>Бірқалыпты жүру,шеңбер бойынша қолдарының әртүрлі қалыптарымен ,аяқтың ұшымен шағын топқа бөлініп,жұптасып,белгі бойынша тоқтап,ирелеңдеген баудың бойымен еркін жүру,еденнен 15-30 см | **Тіл дамыту,сурет салу, мүсіндеу.** Тақырыбы: «Сәнделген ағаштың талдары» Балаларға ағаштардың суретін көрсетіп түсіндіру. Балалардан жыл мезгілі сұрау.Қыс мезгіліндегі ауа райы қандай болады? Дыбыстарды, сөздерді және сөз тіркес терін дұрыс қайталап айтуға үйрету.<br>Тақпақ жаттау<br>Келіп қалды қыс,<br>Аяз боран бар.<br>Болсада жүр бала,<br>Далада жүгіріп қана<br>Мүсіндеу: Ағашты ермексазбен безендіру. Заттардың қарапайым пішіндерін мүсіндеу және суретін салу.<br>Дидактикалық ойын:<br>«Қыста киетін киімдерді | | **Музыка**<br>Музыка тыңдау( күй күмбірі): «Дайрабай» Дайрабай Нұрқожаұлы<br>Дауыс жаттықтыру Ән айту: «Топ- топ балақан» (музыкасын жазған Н.Арынбаева, сөзін жазған А.Асылбек) әні орындалады. Ән кімдер туралы айтылған. Әже әнді өзі орындап береді. Мәтінін қайталап әуенге қосылып үйретеді. «Топ-топ, балақан, шапалақта алақан»деген жерінде орындарынан тұрып, алдымен аяқтарын топылдаты, содан соң алақандарын шапалақтайды. Соңғы | **Дене тәрбиесі**<br>Сапқа тұру.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар:<br>Қолды кеудеде айқастыру және екі жағына жазу,артына жіберу,шапалақтау.<br>Тыныс алу жаттығуы:<br>Шеңбер бойімен колдарын жоғары көтеріп ауа жұту қолдарын төмен түсіріп дем шығару.<br>Негізгі қимылдар:<br>Бірқалыпты жүру,шеңбер бойынша қолдарының әртүрлі қалыптарымен ,аяқтың ұшымен шағын топқа бөлініп,жұптасып,белгі бойынша тоқтап,ирелеңдеген баудың бойымен еркін жүру,еденнен 15-30 см |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көтерілген арқаннан,гимнастикалық таяқшадан аттап жүру.<br>Қимылды ойын: «Төмпешік»<br>Қорытынды: Балаларды мадақтау.<br>**Қоршаған əлеммен таныстыру, сенсорика,құрастыру, мүсіндеу.**<br>Балалармен бірге аққала туралы тақпақтар жаттау.<br>Аққала туралы əңгіме жүргізу.Аққаланың түсі қандай?<br>Аққаланың пішіні қандай?<br>Аққаланың қандай пішінмен жасаймыз.<br>Дұрыс айтасыңдар дөңгелек.<br>Аққаланың бейнесін құрастырып балаларға айтқызу.Балалар қараңдаршы аққала енді не жетпи тұр?<br>Дұрыс айтасыңдар ақ қаламыздың мұрны жоқ екен.Ендеше ақ қаланың мұрнын жасап берейік.<br>Аққаланың мұрнын ермексаздан мүсіндеу.<br>Ойын: «Аққаланың құрастыр»<br>Аққала туралы | тап» Шарты: Қысқы киімдерді үлгі бойынша табу.<br>Қорытынды: сұрак-жауап,мадақтау<br><br>**Үнемді тұтыну**<br>Ермексазды ұқыпты пайдалану | | шумағын айтқанда колдарын жоғары көтере шапалақтайды.<br>«Жұлдыз болып жанамыз» деген жерде екі қолды жоғары көтереді.<br>Музыкалық ырғақты – қимыл: «Гүлдер» биі.<br>Ойын: «Ән айтқан кім»<br>Шарты: ойын үш түрлі суретпен папасы, мамасы, баласының суретімен жұмыс жасалады. Мұғалім бұл жанұяның əнді жақсы көретінін айтады, бірақ əр түрлі дауыспен əн салатынын ескертеді. Папасы жоғары, мамасы орташа, баласы төмен дауыспен айтылатын əндер «əке əңгімесі», «Бесік жыры», «Кішкентай марш». Осыларды бала кайсысы кімнің дауысы екенін айыра білу керек.<br>**Көркем əдебиет, жапсыру,**<br>Тақырыбы: «Қояндар»<br>Жылулық шеңбері<br>Суреттер бойынша əңгіме құрастыру.<br>Қояндар түсін | көтерілген арқаннан,гимнастикалық таякшадан аттап жүру<br>Қимылды ойын: «Кім жылдам»<br>Балаларды мадақтау<br>Қорытындылау<br>**Қоршаған əлеммен таныстыру, тіл дамыту,сурет салу**<br>Тақырыбы: «Жасыл шырша»<br>Тікен – тікен тік пісте, Қысы – жазы бір түсте. Ол не?(шырша)<br>Шырша ортаға əкелінеді.<br>Бұл шырша. Шыршаның түсі жасыл. Шырша қылқан жапырақты ағаш. Шырша таулы аймақтарда, орманды үлкен қалаларда өседі. Шыршалар биік, орташа, аласа болады. Жылдың төрт мезгілінде де өседі. Шыршаларды кесуге болмайды. Олар ауамызды тазартып, табиғатымызға көрік беріп тұрады<br>Шыршаның суретін жасыл түсті карандашпен бояу,<br>**Сенсорика,жапсыру,мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** «Шырша бізге конакқа келді» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әңгімелеу. Сурет бойынша сұрақтарға жауап беру.<br>Мадақтау.<br>Қортындылау. | | | өзгертетіні туралы әңгімелесу,музыка әуенімен қимылын салу.<br>Тақпақ<br>Қоян секең қағады,<br>Сәбізді іздеп табады.<br>Үйшігіне барады.<br>Ауқаттанып алады.<br>Қоянның суретін ақ параққа жапсыру.<br>Балалар дөңгелек, сопақша пішіндерді қолданып қоянды қағазға жапсырмалап бейнелейді.<br>Сергіту сәті.<br>Дидактикалық ойын: «Көжегін тап!»<br>Шарты:үлестірмелі метариалдардан қоянның көжектерін тауып,атау.<br>Сұрақ –жауап<br>Қорытындылау.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыр,сурет салу мүсіндеу**<br>«Жабайы аңдар»<br>Ормандағы жабайы аңдар туралы әңгімелеу,аңдардың тіршілігімен таныстыру.<br>Қоянның суретін бояу,ермексаздан мүсіндеу.<br>Қорытындылау:<br>Мадақтау. | Шыршаны қызыл,сары,жасыл.көк түсті ойыншықтармен безендіру.<br>Шырша ойыншықтарын жапсыру. Ермексазды жағу арқылы шыршаны мүсіндеу.<br>Қортындылау,Мадақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуенге дайындық | Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау,ұқыпты киіне білуге,бір-біріне көмектесе білуге үйрету | | | | |
| Серуен | **Дене тәрбиесі*****<br>Картотека № 23 | **Дене тәрбиесі*****<br>Картотека № 4 | | **Дене тәрбиесі*****<br>Картотека № 12 | **Дене тәрбиесі*****<br>Картотека № 16 |
| Серуеннен оралу | Топ бөлмесіне арналған киімді ауыстырып кие білуге,киімдерін сөресіне ұқыпты жинауға дағдыландыру | | | | |
| Түскі ас | Тамақты асықпай ішуге дағдыландыру. Қолды дұрыс жууға дағдыландыру. Қолды дұрыс жууға дағдыландыру.Рақмет дәміне,<br>Дастарханына береке берсін<br>Бастарыңа мереке берсін. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | «Жеті лақ» ертегісі. | «Түлкі мен тырна» ертегісі. | | «Қошқар мен теке» ертегісі. | «Ақымақ қасқыр» ертегісі. |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | Ояну кешені № 9 | | | | |
| **Бесін ас** | Үстел басында сөйлемеу. Балалардың назарын тағамға аудару. Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.<br>Дастарханыңа береке берсін<br>Бастарыңа мереке берсін. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Сурет салу, жапсыру.**<br>Балаларға қыс мезгіліндегі ағаштардың бейнесін көрсетіп, губканың көмегімен, ағаштарға ақ карды бейнелеу.<br>Жануарлардың қайда мекен ететінін тауып,өз орнына жапсыру.<br>**Үнемді тұтыну**<br>Желімнің қақпағын ашқаннан кейін желімдеп болғасын | **Тіл дамыту:**<br>**сурет салу,құрастыру**<br>Тақырыбы:«Қыстап қалған құстар»<br>Балалар қыстап қалатын құстарды таныстыру.<br>Оларға жем шашып тамақтандыру керектігін түсіндіру.<br>Торғайдың суретін карандашпен бояу.<br>Берілген суреттерден құстың көлеңкесін тауып құрастыру. | | **Сенсорика**<br>«Пішіндерді орналастыр» пішіндерді ұяшықтарына орналастыру | **Жоба жұмысы:**<br>Ойын терапиясы<br>Тақырыбы:<br>«Оюлы кілемше»<br>Есте сақтауды дамыту және ою өрнектер туралы түсінік қалыптастыру.<br>Шарты:Кілемнің ою өрнектерін жапсырғыш пен жапсырып соны орнына қайтадан орналастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Табиғат құбылыстарына қызығушылық танытуға үйрету. | Көлемі,пішіні,түсі бойынша заттарды салыстыру. | | Жалпақ,дөңгелек пішіндерді мүсіндеуге үйрету | Кітаптағы суреттерді өз бетінше қарайды,ондағы таныс кейіп керлерді көрсетуге дағдыландыру. |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін өз бетінше киюге үйрету, түймелерін өз бетінше тағуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Дене тәрбиесі*****<br>Ұлттық ойын;<br>«Асық ату»<br>Шарты:Балаларды екі топқа бөлініп асық атып ойнайды.Қай топ көп асық атып алды сол топ жеңімпаз. | **Дене тәрбиесі*****<br>«Қояндар секіреді»<br>Ойын тәсілі; Қояндар секірсін!<br>Балалар екі аяқпен жеңіл секіреді<br>Жем терейік! (еңкейіп, көтеріледі) | | **Дене тәрбиесі *****<br>Қимылды ойын<br>«Қояндар мен қасқыр»<br>Жылдамдық пен ептілікке дамыту. | **Дене тәрбиесі *****<br>Қимылды ойын:<br>«Жел соғады»<br>Тәрбиеші;<br>Жел оңнан соғады!<br>Балалар оңға қарай жүгіреді<br>Солан соғады! – солға жүгіреді. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Топта ыңғайлы аяқ киім кию» ата -анамен әңгімелесу. | Балаларға өздері шешініп, киінуге үйретуді айту | | Ата-аналармен баланың күн тәртібін сақтау керектігі жөнін әңгімелесу. | Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгімелеу. |

Бекітілді ____________
«Babi» жеке бөбекжайының
әдіскері Махамбет Қ.М

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** «Babi» жеке бөбекжайы
**Топ:** «Еркемай» кіші тобы
**Балалардың жасы:** 2 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 12.01 – 16.01.2026 ж
**Құндылық:** Заң мен тәртіп
**Құзыреттілік:** Азаматтық борыш және Парасаттылық.

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі<br>12.01.2026 ж | Сейсенбі<br>13.01.2026 ж | Сәрсенбі<br>14.01.2026 ж | Бейсенбі<br>15.01.2026ж | Жұма<br>16.01.2026ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалардан демалыс күндері қалай өткізгендері туралы әңгімелесу.<br>**Күй күмбірі:** Құрманғазы Сағырбайұлы «Адай» күйін тыңдау. | Балалармен амандасып, балалардың бүгінгі күніне сәттілік тілеу,<br>**Күй күмбірі:** Халық күйі «Ақсақ құлан» | Балалардан ауа-райы қалай екендігін сұрау.Балабақшаға қалай жеткендігі туралы әңгімелесу.<br>**Күй күмбірі:** Секен Тұрысбеков «Көңіл толқыны» күйін тыңдау. | Балаларды сылдырмақтармен қарсы алу<br>**Күй күмбірі:** «Бозінген» | Көңілді музыка мен алақан соғып қарсы алу.<br>**Күй күмбірі:** «Адай» |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Балаларға қыс мезгілі, қысқы табиғат туралы түсінік қалыптастыруға кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек,** | Үйдегі қауіпсіздік Ыстыққа қол ти гізбеу<br>Пышақ ине ұстамау<br>Қауіпсіздік ережесін | **Қоршаған әлеммен таныстыру.**<br>«Жабайы аңдар»<br>Ормандағы жабайы аңдар туралы | Құрастыру<br>Ойын: «Саты құрастыр»<br>Шарты: Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс | **Құрастыру**<br>Ойын: «Машинаға гараж»<br>Шарты: Тұрғызылған қарапайым | **Сенсорика**<br>Дидактикалық ойын: «Пішіндерді салыстыр»<br>Шарты: Түрлі көлемдегі геометриялық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары).**<br><br>**Қауіпсіздікті қамтамасыз ету** | сақтасақ – бәріміз аман боламыз! | әңгімелеу,аңдардың тіршілігімен таныстыру. | материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр) жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. | құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. | фигураларды негізгі түсі, соғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Дене тәрбиесі***** Таңертеңгілік кешен №9 (құралсыз) | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін үстелде тамақтану кезінде асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру.Ауызды толтырып сөйлемеу. Тамақты төкпеу. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі -ҰІӘ)** | **Көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Ойын: «Үй жануарларын ата»<br>Шарты: Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен таныстыру. | **Тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру.**<br>Дидактикалық ойын: «Төлін тап»<br>Шарты: Заттардың түсін, көлемін, пішінін,дәмін білдіретін сын есімдермен байыту.<br>Үй жануарлары және олардың төлдерімен таныстыру. | **Қоршаған әлеммен таныстыру,тіл дамыту)**<br>Ойын: «Аңдарды ата»<br>Шарты: Аңдармен таныстыру, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу, Заттардың түсін, көлемін, пішінін,дәмін білдіретін сын есімдермен байыту . | **Сенсорика, тіл дамыту**<br>Дидактикалық ойын: « Фигураларды топтастыр »<br>Шарты: Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі,соғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру. Заттардың түсін, көлемін, пішінін,дәмін білдіретін сын есімдермен байыту . | **Құрастыру.**<br>Қиынды суреттерден қыс мезгілі ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>Бір қатар сапқа тұру.<br>Жалпы дамыту жаттығулары:<br>Табандарды бүгу ,жазу қатарында тұрған – отырған адамға қолындағы затты бере отырып, тұлғасын оңға-солға бұру<br>Тыныс алу жаттығуы : | **Тіл дамыту,сурет салу, мүсіндеу.**<br>Тақырыбы: «Қысқы киімдер»<br>Қыс мезгілінің ерекшелігін сурет бойынша әңгімелеу. Ауа-райына сай қысқы киім түрлерін атау.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Адамның сәні, | **Дене тәрбиесі**<br>Бір қатар сапқа тұру.<br>Жалпы дамыту жаттығулары:<br>Табандарды бүгу ,жазу қатарында тұрған – отырған адамға қолындағы затты бере отырып, тұлғасын оңға-солға бұру<br>Тыныс алу жаттығуы : | **Музыка**<br>Музыка тыңдау ( күй күмбірі) «Той бастар» Дина Нұрпейісова<br>Дауыс жаттықтыру<br>Ән айту: «Ақтөс» (әнін қайталау)<br>Муз – ырғақтық қимыл: «Полька» (Филиппенко)<br>Ойын: «Сылдырмақ» | **Дене тәрбиесі**<br>Бір қатар сапқа тұру.<br>Жалпы дамыту жаттығулары:<br>Табандарды бүгу ,жазу қатарында тұрған – отырған адамға қолындағы затты бере отырып, тұлғасын оңға-солға бұру<br>Тыныс алу жаттығуы : |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Шар»<br>Шеңбер болып тұру<br>Шар болып үрiлiп дем аламыз, шар жарылып қалды дегенде дем шығарамыз.<br>Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:<br>Бағдар бойынша жүру (кілемнің бойымен, жіпке дейін), кедергілерден аттап жүру.<br>Қимылды ойын: «Допты ұста»<br>Шарты :Тәрбиеші лақтырған допты тез ұстап алу<br>**Көркем әдебиет , Мүсіндеу.**<br>**Тақырыбы:** «Қысқы серуен»<br>Балаларға қыс мезгілі туралы айтып беру.<br>Сұрақ-жауап:<br>Қыс мезгілінде қандай ойын ойнайсыңдар?<br>Қыс мезгілі сендерге ұнай ма?<br>Тақпақ<br>Жапалақтап,<br>Жауған аппақ.<br>Қарда шығып ойнаймыз.<br>Қар уыстап,<br>Ұрлап ысып,<br>Қызығына тоймаймыз.<br>Сергіту сәті. | Онсыз мәні жоқ.<br>(Киім)<br>Қысқы бас киім мен мойын шәлiнi қызыл,сары түстермен бояу мүсіндеу.<br>Сергіту сәті<br>Логикалық ойын: «Топтастыр».<br>Қорытынды: сұрақ-жауап. | «Шар»<br>Шеңбер болып тұру<br>Шар болып үрiлiп дем аламыз, шар жарылып қалды дегенде дем шығарамыз.<br>Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:<br>Бағдар бойынша жүру (кілемнің бойымен, жіпке дейін), кедергілерден аттап жүру.<br>Қимылды ойын: «Допты ұста»<br>Шарты :Тәрбиеші лақтырған допты тез ұстап алу<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру,құрастыру,жапсыру.**<br>Ойын: «Ненің төлі?»<br>Шарты:Үй жануарлар және олардың төлдерімен таныстыру, ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту, бейнелерді қағаз бетіне қойып, композицияны орналастыру.<br>мүсіндеуге арналған материалды қолдану.<br>Қошақанды құрастыру жапсыру. | Сылдырмақ сылдырлағанда балалар шеңбер бойымен жүгіреді, сылдырмақтың сылдыры тоқтағанда тез отырып қалады.<br>**Тіл дамыту, сенсорика**<br>**Ойын:** «Түстерді тап»<br>Шарты: түстерді ажырату. Сөздерді қайталау (қызыл , сары ,көк) Барысы: тәрбиеші: «Қызыл допты бер» Бала допты алып береді түсті қайталайды.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру, жапсыру,құрастыру, сурет салу**<br>**Тақырыбы:** « Менің добым»<br>Шарты: қоршаған заттармен таныстыру. Түстерді ажырату.<br>Ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>**Шарты:** Тәрбиеші балаларға допты көрсетеді. Сұрақтар қояды.<br>Бұл не?<br>Түсі қандай?<br>Домалай ма?<br>Балалар дайын дөңгелек пішінді қағаз бетіне жапсырады | «Шар»<br>Шеңбер болып тұру<br>Шар болып үрiлiп дем аламыз, шар жарылып қалды дегенде дем шығарамыз.<br>Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:<br>Бағдар бойынша жүру (кілемнің бойымен, жіпке дейін), кедергілерден аттап жүру.<br>Қимылды ойын: «Допты ұста»<br>Шарты :Тәрбиеші лақтырған допты тез ұстап алу<br>**Тіл дамыту, мүсіндеу.**<br>«Аяз атаның қорапшасы»<br>Топқа Аяз ата келеді балалардан сыйлық салатын қорапшасының жоғалып кеткенін айтып көмек сұрайды.<br>Балалар ең бірінші атамызға тақпақтар айтып берейік.<br>Аяз ата балалардан тақпақтар сұрайды.<br>Жаңа жыл келгенде,<br>Қуанып қарсы аламыз.<br>Аяз Ата келгенде,<br>Билейміз, ән саламыз.<br>Балалар қорабымыз әдемі шықты енді осы қорапшаны ермексазбен жиектерін мүсіндейік. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дидактикалық ойын: «Қысқы табиғат»<br>Шарты:Қыс мезгілінде болатын құбылыстарды мүсінлеу.<br>Қорытынды.<br>Сұрақ -жауап | | | құрастырады, суретін салады. | Аяз ата балаларға корапша үшін алғыс айтып сыйлықтар берді.<br>Ойын: «Шыршаны безендір» Мадақтау. |
| **Серуенге дайындық** | Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау,ұқыпты киіне білуге,бір-біріне көмектесе білуге үйрету | | | | |
| **Серуен** | **Дене тәрбиесі*****<br>Картотека № 3 | **Дене тәрбиесі*****<br>Картотека № 12 | **Дене тәрбиесі*****<br>Картотека № 19 | **Дене тәрбиесі*****<br>Картотека № 20 | **Дене тәрбиесі*****<br>Картотека №15 |
| **Серуеннен оралу** | Топ бөлмесіне арналған киімді ауыстырып кие білуге,киімдерін сөресіне ұқыпты жинауға дағдыландыру | | | | |
| **Түскі ас** | Тамақты асықпай ішуге дағдыландыру. Қолды дұрыс жууға дағдыландыру. Қолды дұрыс жууға дағдыландыру.<br>Рақмет дәміне,<br>Ризалық берсін бәріне.<br>Аман болып басыңыз,<br>Жүзге жетсін жасыңыз. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Мақта қыз» ертегісі. | «Түлкі мен тырна» ертегісі. | «Бауырсақ » ертегісі | «Үш аю» ертегісі | «Алтын сақа»ертегісі |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | Ояну кешені №9 | | | | |
| **Бесін ас** | Үстел басында сөйлемеу. Балалардың назарын тағамға аудару. Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.<br>Рақмет дәміне,<br>Ризалық берсін бәріне.<br>Аман болып басыңыз,<br>Жүзге жетсін жасыңыз. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-басна және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Сенсорика**<br>Танымдық ойын: «Суреттердегі заттарды салыстыр»<br>Шарты: Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру. | **Көркем әдебиет**<br>Санамақ.<br>Мақсаты: Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді , сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. | **Көркем әдебиет**<br>«Қыс»<br>Аппақ , аппақ жапалақтап.<br>Қар жауады тынбастан.<br>Қалың орман, қар жамылған.<br>Маужырайды түнгі аспан.<br>Барысы : Балалардың жастарына сәйкес | **Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Әңгіме жүргізу<br>«Қанатты достарымызға көмектесейік» | **Жоба жұмысы:**<br>Ойын терапиясы<br>**Тақырыбы:**«Ағаштан жасалған пазлдар»<br>Есте сақтау зейінді дамытады.<br>Шарты:Интеллектуалды ағаш пазлдарды орындарына орналастырады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | шығармалар оқу, педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Ересектердің сөзін тыңдауға және түсінуге үйрету. | Заттардың атауын айту, карапайым сөздерді қайталау , сурет бойынша әңгімелеу. | түсі, көлемі, пішіні бойынша заттарды өз бетінше зерттеуге және салыстыруға талпындыру. | Қорапка құрылыс бөлшектерін жинастыруды үйрету. | Жануарлар көліктер, ойыншықтар туралы түсінік беру. |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін өз бетінше киюге үйрету, түймелерін өз бетінше тағуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Дене тәрбиесі*****<br>Ұлттық ойын;<br>«Асық ату» | **Дене тәрбиесі*****<br>«Қояндар секіреді»<br>Ойын тәсілі: Қояндар секірсін!<br>Балалар екі аяқпен жеңіл секіреді<br>Жем терейік! (еңкейіп, көтеріледі) | **Дене тәрбиесі *****<br>Қимылды ойын:<br>«Аюды оятпайық»<br>Ойнау тәсілі; ортада» «ұйықтап жатқан аю»(тәрбиеші)<br>Балалар баяу, дыбыссыз жүреді.<br>Аю «оянғанда» бәрі қашады. | **Дене тәрбиесі*****<br>«Құстар ұшады»<br>Барысы; Тәрбиеші: «Құстар ұшады» дейді – балалар қолдарын қағып жүгіріп жүреді. «Құстар қонды»- тоқтайды. | Дене тәрбиесі***<br>«Күн мен жаңбыр»<br>Барысы: «Күн шықты» –балалар серуендейді. «Жаңбыр жауды» - бір жерге жиналады. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналарға ұсыныс: Балаларға тіл ұстарту жаттығуларын жаттатып үйрету. | Ата-аналарға ұсыныс: Ертегілер оқып беру, сұрақтарға жауап беруге үйрету. | Медбике кеңесі Баланың дені сау болып өсу үшін күн тәртібін сақтау маңызды. | Психолог кеңес Баламен күн сайын әңгімелесу. | Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгімелеу. |

**Бекітілді** ____________

**«Babi» жеке бөбекжайының**
**әдіскері Махамбет Қ.М**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Babi» жеке бөбекжайы
**Топ:** «Еркемай» кіші тобы
**Балалардың жасы:** 2 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 19-23.01.2026 ж

**Құндылық:** Заң мен тәртіп
**Құзыреттілік:** Азаматтық борыш және парасаттылық

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі<br>19.01.2026ж | Сейсенбі<br>20.01.2026ж | Сәрсенбі<br>21.01.2026ж | Бейсенбі<br>22.01.2026ж | Жұма<br>22.01.2026ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балабақшада қызмет жасайтын апайларға құрмет көрсетіп,топта тазалық сақтай білу сияқты әдептілік дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күй күмбірі**<br>Дина Нұрпейісова «Науысқы» күйі | Қыс мезгілі, оның ерекшелігі туралы түсініп, табиғат құбылыстары күн, қар, жел, боран туралы айта алады. Адамдардың қыстағы еңбегін бағалай біледі.<br>**Күй күмбірі**<br>Сүгір<br>«Бозінген» күйі | Балалардың дене қызуын өлшеу,жалпы сыртқы көрінісін тексеру,көңіл күйін бақылау.<br>**Күй күмбірі**<br>Түркеш «Көңіл ашар» күйі | Балаларға туған жер, Отан туралы түсініктерін қалыптастырып, өз туған жері, елі туралы Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздер туралы айта алады.<br>**Күй күмбірі**<br>Секен Тұрысбеков «Көңіл толқыны» күйі | Баланың бүгінгі күндеріне сәттілік тілеп,баланың жеке пікірін білдіруге баулу.<br>**Күй күмбірі**<br>Дәулеткерей Шығайұлы «Көроғлы» күйі |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Қазақ елінің шаңырағы биік, керегесі кең және тұғыры берік болуы үшін өте қажет. Расымен де тәртіпке бағына білген адам ешкімнен қорлық көрмейді. | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық,** | **Менің Қазақстаным**<br>Әнұран орындау.<br><br>«Болады –болмайды» | **Сенсорика**<br>«Бөлігін тап!»<br>Үлестірмелі материалдардан көлік | **Құрастыру**<br>«Құрастырғыштар»<br>Шарты: Балалар үстел мен орындықты құрастырады | **Сенсорика**<br>«Түрлі түсті қолғаптар »<br>Шарты Қолғаптарды | **Құрастыру**<br>«Жануарлар бөлігін табу»<br>Шарты: өз ойларынан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)<br><br>**Қауіпсіздікті қамтамасыз ету** | Қайшымен ойнау<br>Досыңды итеру<br>Терезеден қарау<br>Ойыншық жинау<br>Балалар дұрыс белгі көтереді | бөлігін табу. | | түстеріне сәйкес біріктіру.. | жануар бейнелерін құрастыру |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Дене тәрбиесі***** Таңертеңгілік кешен №10(доппен) | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін үстелде отыру,тамақтану,асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Бата беру<br>Бата беру<br>Астарыңыз дәмді болсын!<br>Нан ардақты адал ас<br>Кәрі –жас одан аттамас<br>Нандай жоқ қой асыл дән | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі -ҰІӘ)** | **Тіл дамыту, сенсорика**<br>Суретпен жұмыс<br>«Қыстық киімдер »<br>Қысқы киімдер туралы суретпен жұмыс ,киімдердің түстерін айту | **Көркем әдебиет**<br>Суретпен жұмыс:<br>«Мақтаншақ қоян» ертегісіндегі суреттерді бейнелеп айтып беру. | **Сенсорика**<br>«Орналастыр»<br>Шарты :Әртүрлі көлемді доптарды түсін атап, үлкен,орташа,кіші көлемді ыдыстарға салады. | **Тіл дамыту,**<br>«Бауды тез байлайық»<br>Шарты: Арнайы үлгіге қарап аяқ киімнің бауын өткізіп байлау. | **Көркем әдебиет**<br>«Мақта қыз бен мысық»<br>Ертегісіндегі кейіпкерлерді атау.Ертегінің соңында мысық кімге барады?соңғы кейіпкер мысыкқа не береді. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>Сапқа тұрғызу.<br>Жалпы дамыту жаттығулары :<br>Баяу жүру одан сәл қаттырақ жүру. Баяу қарқынен аяқтын ұшымен, өкшеге қарай ауысу, қарқынды өзгерте отырып белгі бойынша тоқтай жүгіру.<br>Бір орнында тұрып қос аяқпен секіру.<br>Тыныс алу жаттығулар (Ленталармен )<br>Лентаны ұстап үріп | **Тіл дамыту , қоршаған әлеммен таныстыру, сурет салу**<br>Тақырыбы:«Қыс қызығы»<br>Балалар, мен сендерге өлең жолдарын оқығым келіп тұр.<br>Шанамен зырғып келетін,<br>Коньки шаңғы тебетін,<br>Аққала жасап ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсыңдар балалар?<br>Әрине балалар қыс мезгілі.қыс мезгілде қар | **Дене тәрбиесі**<br>Сапқа тұру.<br>Жалпы дамыту жаттығулары<br>Баяу жүру одан сәл қаттырақ жүру. Баяу қарқынен аяқтын ұшымен, өкшеге қарай ауысу, қарқынды өзгерте отырып белгі бойынша тоқтай жүгіру.<br>Бір орнында тұрып қос аяқпен секіру.<br>Тыныс алу жаттығуы.<br>Мұрынмен терең тыныстап, демді сыртқа | **Музыка**<br>Музыка тыңдау ( күй күмбірі) : «Күй анасы» Қаршыға Ахмедияров<br>Дауыс жаттықтыру<br>Ән айту: «Төлдер» И. Нүсіпбаев<br>Муз – ырғақтық қимыл: Қояндар биі<br>Ойын: Біз қайда бардық, не көрдік?<br>Мақсаты: Буындап әндету ерекшеліктеріне үйрету.<br>Шарты: Жетекші әнмен сұрақ | **Дене тәрбиесі**<br>Сапқа тұру.<br>Жалпы дамыту жаттығулары<br>Баяу жүру одан сәл қаттырақ жүру. Қолды кеудеде айқастыру және екі жағына жазу, артына жіберу, шапалақтау.<br>Бір орнында тұрып қос аяқпен секіру.<br>Тыныс алу жаттығуы.<br>«Ку-ку, Ку-ку» деп дыбыстап демді сыртқа шығара денені алға еңкейтеді.<br>Негізгі қимыл-қозғалыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тыныстау .<br>Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығулары Шеңбер бойымен . бірқалыпты жүру, жан-жаққа және берілген бағытқа шеңбер бойынша қолдарының әртүрлі қалыптарымен жүру.жүгіру.<br>Қимылды ойын: «Допты ұста»<br>**Көркем әдебиет, сурет салу, мүсіндеу**<br>Тақырыбы: «Мақтаншақ қоян»<br>Миға шабуыл.<br>Қалқиып ұзын құлағы Елеңдеп қорқып тұрады (қоян)<br>Сұрақ-жауап<br>Қоянның құлағы қандай? Құйрығы қандай? Жазда терісі қандай түске өзгереді? Қыста ше? Қоян не жейді? Қоянның терісінен не жасайды?Бүгін біз «Мақтаншақ қоян»ертегісімен танысамыз.Мазмұның түсіндіру.<br>Тіл ұстарту жаттығуы: Ян-ян-ян- қорқақ қоян Ек-ек-ек-кішкене көжек | жауады,аяз болады.боран соғады.Ендеше балалар боран қалай соғады?қане көрсетейік.Балалар қыс мезгілігінде 3 ай болады.(желтоқсан,қаңтар,ақпан)<br>Ойын: «Қар жинау»<br>Шарты: қар ерімей тұрып, шелекке тез жинау керек.<br>Қардың суретін ақ бет қағазға саусақпен салу.<br>Қорытынды: сұрақ-жауап.<br>Балаларды мадақтау.<br>**Үнемді тұтыну**. Суретті бояй отырып,бояуды ұқыпты қолдануға үйрету. | шығара отырып денені алға еңкейтеді.<br>Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығулары .Жүріп келе жатып, белгі бойынша тоқтап, ирелеңдеген баудың бойымен еркін жүру, едендегі немесе еденнен 15-30 см көтерілген арқаннан, аттап жүру . .Қимылды ойын: «Торғайлар»<br>**Көркем әдебиет,тіл дамыту, жапсыру**.<br>Тақырыбы. «Кішкентай ақылды балапан»<br>Балаларға ертегі желісін бейнежазбадан көрсетіп,түсіндіру.<br>Ертегідегі балапандардың түстері қандай?Ертегіде балапан кімдерге барып тауық анасын сұрайды?<br>Балаларға балапандардың суреті таратылады.<br>Балапанның суретін түрлі түсті қағаздармен әсемдеп жапсырып шығады.<br>Қорытынды: сұрақ-жауап.<br>Балаларды мадақтау.<br>**Үнемді тұтыну.**<br>«Желімнің қақпағын | қояды.Балалар әндете жауап береді.<br>-Біз орманға бардық, не көрдік ?<br>-Аю,қоян,түлкі,қасқыр т.б.<br>-Біз циркке бардық , не көрдік?<br>Күшіктерді көрдік<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру, құрастыру,мүсіндеу,**<br>Тақырыбы: «Менің үйімдегі жиһаздар»<br>-Балалар,біз қайда тұрамыз?<br>Қандай үйде тұрамыз? бар?<br>Мына екі сурет бірі жер үй, екіншісі көп қабатты үй-қайсысында тұрасың?Суреттердегі жиһаздарды, ыдыстарды көрсетіп аттарын сұрау.<br>Жиһаздардың суретін құрастыру.<br>Ермексазбен мүсіндеу.<br>Қорытынды: сұрақ-жауап.<br>Балаларды мадақтау. | жаттығулары:<br>Бірқалыпты жүру. жан-жаққа және берілген бағытқа шеңбер бойынша қолдарының әртүрлі қалыптарымен, аяқтың ұшымен жүру гимнастикалық таяқшадан аттап жүру.<br>Қимылды ойын: «Ақ қоян»<br>**тіл дамыту, жапсыру, сурет салу**<br>Тақырыбы: «Ұзын құлақ ақ қоян» әңгіме құрау<br>Шаттық шеңбері<br>Қайырлы таң менің көздерім сендер ояндыңдар!(Көздерін қолдарымен жұму.)<br>Қайырлы таң менің құлақтарым сендер ояндыңдар!(Құлақтарын көрсету.)<br>Қайырлы таң менің қолдарым сендер ояндыңдар!(Қолдарын шапалақтау.)<br>Қайырлы таң менің аяқтарым сендер ояндыңдар! (Аяқтарын топ-топ басу.)<br>Миға шабуыл<br>Ең қорқақ жануар (Қоян)<br>Қоян қандай жануар?<br>Қоян туралы тақпақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Лақ-лақ-лақ-ұзын құлақ<br>Сергіту сәті<br>Ойын:<br>«Қай аңдардың ізі?»<br>Шарты: іздер арқылы секіре отырып, қай аңның ізі екенін және жасырынған аңды табады.<br>Балаларды екі топқа бөлеміз.<br>1топ: Қоянның іздерінің суретін бояу<br>2 топ:Қоян іздерінің суретін дәстүрден тыс мүсіндеу.<br>Қорытынды: сұрақ-жауап.<br>Балаларды мадақтау. | | ашқаннан кейін желімдеп болғасын міндетті түрде қақпағын жабу» | | жаттату.<br>Қоянның суретіне дәстүрден тыс ақ мамықты мақтамен жапсыру.<br>Қоянның суретін бояу.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру,мүсіндеу**<br>Тақырыбы: «Қыс мезгілінде мекендейтін жабайы жануарлар,олардың айырмашылықтары»<br>Қыс мезгілінде мекендейтін жабайы жануарларды бейнежазбадан көрсетіп,түсіндіру.<br>Миға шабуыл<br>Аузы бейне шалғы орақ<br>Шөп емес,бірақ мал орады<br>(қасқыр)<br>Жақпар тастың астында<br>Қызыл тонды қыз жатыр<br>(түлкі)<br>Балаларға ұнаған жануарларын ермексазбен мүсіндету.<br>Қорытынды: мадақтау |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. | | | | |
| **Серуен** | Картотека № 1<br>Дене тәрбиесі*** | Картотека № 12<br>Дене тәрбиесі*** | Картотека № 4<br>Дене тәрбиесі*** | Картотека № 9<br>Дене тәрбиесі*** | Картотека № 14<br>Дене тәрбиесі*** |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың дұрыс шешінуін,шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау.Жинақылыққа тәрбиелеу.Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау | | | | |
| **Түскі ас** | Тамақты асықпай ішуге дағдыландыру. Қолды дұрыс жууға дағдыландыру. Қолды дұрыс жууға дағдыландыру. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Екі сараң қонжық» | «Түйе мен тырна» | «Шұбар тауық» | «Арыстан мен | «Жыл басына таласқан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ертегісін оқып беру. | ертегісін оқып беру. | ертегісін оқып беру. | тышқан» ертегісін оқып беру. | жануарлар» ертегісін оқып беру. |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | | | | | |
| **Бесін ас** | Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау,тамақтану мәдениетін сақтау.<br>Бата беру<br>Астарыңыз дәмді болсын! :<br>Нан ардақты адал ас<br>Кәрі –жас одан аттамас<br>Нандай жоқ қой асыл дән | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Қоршаған әлеммен таныстыру, жапсыру,құрастыру**<br>«Қыс мезгіліндегі әдемі көрініс»<br>Аққаланы қай жыл мезгілінде жасаймыз?қыс мезгілі.<br>Аққаланы жапсыруымыз үшін қандай пішінді қолданамыз?дөңгелек<br>Қиылған бөліктерден аққаланы құрастырып, жапсыру.<br>**Үнемді тұтыну.**<br>«Табиғат жер байлығы» туралы бейнеролик көрсету. | **Жапсыру мүсіндеу,құрастыру**<br>Қыс мезгіліндегі киімдер.<br>Балаларды үш топқа бөлеміз.<br>1 топқа:Қолғаптардың түсін ажыратып сыңарын тауып жапсыру.<br>2 топқа: Қысқы бас киімді ермексаздың көмегімен мүсіндеу.<br>3 топқа: Қыс мезгіліндегі қысқы киімдерді құрастыру. | **Қоршаған әлеммен таныстыру,сурет салу,мүсіндеу**<br>Тақырыбы: «Қоян мен мысық қонаққа келді»<br>Тәжірибе жасау<br>Балалардың алдына қоян мен мысықтың кішкентай суреттері,әдемі тастар,су стакандағы және мақта қойылады.<br>Мақтаны алып қолымызға ұстап мыжғылаймыз.Мақта қандай?Жұмсақ<br>Тасты алып қолымызға ұстап мыжғылаймыз.Тас қандай?қатты.<br>Енді мақтаны қолымызға алып үрлейміз.Ұшама?ұшса қандай?жеңіл<br>Тасты қолымызға алып үрлейміз?Ұшама?жоқ себебі ол қатты? | **Көркем әдебиет, сурет салу,жапсыру**<br>Тақырыбы: «Қар»<br>Қар жауып тұр туралы М.Мақатаевтың өлеңін оқу.<br>Апыр-ау, бір-ақ түнде қыс келген бе?!<br>Қар ғой мынау, бір түнде түскен жерге<br>Бір түнде мына аймақтың өңі өзгеріп,<br>Бір-ақ түнде керемет істелген бе?!<br>Шарты:балалар қардың суретін бояды.<br>Сол бейнеленіп тұрған қарды мүсіндейді.<br>мүсіндеу. | **Жоба жұмысы**<br>Ойын терапиясы<br>Тақырыбы: «Шыр»<br>Мақсаты: Есте сақтауды дамыту және асықтар туралы түсінік қалыптастыру.Ұсақ қол моторикасын дамыту және түстерді ажырату.<br>Шарты: Төрт түрлі түстегі төрт жақта тұрған бұрыштарға асықтарды түстеріне сай орналастыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Енді макстаны сулап қолымызға ұстаймыз?ауыр болдыма?иә. Енді балалар алдарындағы тұрған қоян мен мысықтың суретін түрлі түсті карандашпен бояммыз. Қоян мен мысықтың суретін ермексаздың көмегімен суретті жағып шығамыз. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | табиғат құбылыстарына қызығушылық танытуға талпындыру. | тура жолдың бойымен жүруді ынталандыру | жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеуге үйрету. | музыка залында жалаушаны желбіретуге сылдырмақты сылдырлатуға баулу. | сөзбен немесе қысқа сөз тіркестерімен өз өтінішін білдіруге ынталандыру. |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін өз бетінше киюге үйрету, түймелерін өз бетінше тағуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Дене тәрбиесі***** Қимылды ойын: «Допты қуып жет» Шарты:Балалар кім бірінші болып допты әкеледі сол бала жеңімпаз. | **Дене тәрбиесі***** Қимылды ойын: «Ақ қоян» Шарты:балалар дөңгеленіп қол ұстасып тұрады, ортада бір бала қоян болады.Балалар барлығы бірлесе қоянды оятуға тырысады. | **Дене тәрбиесі***** Қимылды ойын: «Көжектер мен түлкілер» Шарты:Бір бала түлкі болып сайланады.Қалған балалар көжек маскаларын киіп, дөңгеленіп отырады. | **Дене тәрбиесі***** Қимылды ойын: «Шарды ұста» Шарты:Үрленген шарларды кім көп жинаса сол жеңімпаз болады. | **Дене тәрбиесі***** Ұлттық ойын: «Жеті асық» Шарты:балалар жеті асықты тізіп қойып кезек кезек асық құлағанша атып шығады. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Психолог кеңесі «Балаңызды тыңдай білесіз бе» | Атааналармен баланың күнтәртібін сақтау керектігі жөнінде әңгімелесу | Ата-анаға кеңес : «Ұялы телефонның зияны» | Медбике кеңесі : «Ас адамның арқауы» | Логопед кеңесі: «Бала тілі дұрыс шығуы үшін не істеу кажет?» |

Бекітілді ____________
«Babi» жеке бөбекжайының
әдіскері Махамбет Қ.М

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** «Babi» жеке бөбекжайы
**Топ:** «Еркемай» кіші тобы
**Балалардың жасы:** 2 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 26-30.01.2026 ж
**Құндылық:** Заң және тәртіп
**Құзыреттілік:** Азаматтық борыш және парасаттылық

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 26.01.2026 ж | Сейсенбі 27.01.2026 ж | Сәрсенбі 28.01.2026 ж | Бейсенбі 29.01.2026ж | Жұма 30.01.2026ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Баланың бүгінгі күндеріне сәттілік тілеп,баланың жеке пікірін білдіруге баулу. **Күй кұмбірі** Сүгір «Бозінген» күйі | Балабақшада қызмет жасайтын апайларға құрмет көрсетіп,топта тазалық сақтай білу сияқты әдептілік дағдыларын қалыптастыру. **Күй кұмбірі** «Көңіл ашар» күйі | Балалардан ауа-райы қалай екендігін сұрау.Балабақшаға қалай жеткендігі туралы әңгімелесу. **Күй кұмбірі:** «Балбырауын» | Балаларды сылдырмақтармен қарсы алу **Күй кұмбірі:** «Серпер» | Көңілді музыка мен алақан соғып қарсы алу. **Күй кұмбірі:** «Адай» |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Бала ата – ананың ісін қайталайды. Ережені өзіңіз сақтасаңыз бала да оны үйренеді. | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету** | **«Қауіп қайда жасырынған»** Қауіпті заттарды тану Ойын барысы; Суреттен немесе бөлмеден қауіпті заттарды табады. (қайшы, дәрі, сіріңке) Оған болмайды, ол қауіпті деп айтуға | **Қоршаған әлеммен таныстыру.** «Жанды - жансыз» қоршаған ортаны жіктеу. Ойын барысы:; Тәрбиеші заттарды атайды; ағаш, күн, мысық, үстел | **Құрастыру** « Пазл » Шарты:Балалар қыс мезгілін ұсақ бөліктерден орналастыра алады. | **Құрастыру** «Әдемі үйшік» Шарты:Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастырады. | **Сенсорика** «Түсіне қарай орналастыр» Шарты: негізгі төрт түстен жасалған қарандаштарды ұяшығына орналастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйренеді. | Балалар қол шапалақтайды – жанды, орнында тұрады – жансыз | | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Дене тәрбиесі*** Таңертеңгілік кешен №10 (құралмен)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін үстелде тамақтану кезінде асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру.Ауызды толтырып сөйлемеу. Тамақты төкпеу. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі -ҰІӘ)** | **Сенсорика «Жұмсақ – қатты, жылы - суық»** Сезім мүшелерін дамыту Түстер пішіндермен байланыстыру. Ойын барысы; Балаларға әртүрлі материалдар беріледі ; мата, тас, ағаш, ермексаз. «Жұмсақ, қатты, суық, жылы деп сипаттайды. | **Тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру. «Менің ойымдағы зат»** Ойлау және сөйлеу қабілетін дамыту. Ойын барысы; Балалардың біреуі ойлап,затты таңдайды( мысалы, қоян) Басқалары сұрақтар қояды; «Суы бар ма?» «Орманда тұра ма» Соңында заттың атын табады | **Қоршаған әлеммен таныстыру,тіл дамыту.** Ойын: «Құстарды сипатта.» Шарты: Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін , карға) таныстыру, маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау.Сөздік қорды заттардың түсін, көлемін, пішінін білдіретін сын есімдермен байыту. | **Сенсорика, тіл дамыту** Ойын: «Пішіндеріне қарай тізбекте.» Шарты: Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, негұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жалғастыру Сөздік қорды заттардың түсін, көлемін, пішінін білдіретін сын есімдермен байыту. | **Құрастыру.** Қиынды суреттерден қыс мезгілі ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі** Сапқа тұру. Жалпы дамыту жаттығулары: Қолды кеудеде айқастыру және екі жағына жазу. Тыныс алу жаттығулары: | **Музыка тыңдау** ;(күй күмбірі) «Сарыарқа» (Құрманғазы Сағырбайұлы ) Дауыс жаттықтыру Ән айту; «Қыс келді» Музыкалық -ырғақтық қимыл; «Ұлпа қарлары» биін билету.Балаларға қар атрибуттар беріліп, жәй | **Дене тәрбиесі** Сапқа тұру. Жалпы дамыту жаттығулары: Қолды кеудеде айқастыру және екі жағына жазу. Тыныс алу жаттығулары: | **Тіл дамыту, сенсорика** **Ойын:** «Түстерді тап» Шарты: түстерді ажырату. Сөздерді қайталау (қызыл , сары ,көк) Барысы: тәрбиеші: «Қызыл допты бер» Бала | **Дене тәрбиесі** Сапқа тұру. Жалпы дамыту жаттығулары: Қолды кеудеде айқастыру және екі жағына жазу. Тыныс алу жаттығулары: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «мияу мияу» деп дыбыстап демді сыртқа шығара денені алға еңкейтеді.<br>Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:<br>1.Аяқ ұшымен жұптасып жүру.<br>2. қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтау<br>3. ирелеңдеген баудың бойымен еркін жүру<br>Б.қ отыру,аяқты алға созу<br>Қимылды ойын:<br>«Допты тез жина»<br>Допты қос қолмен ұстап, Белгіленген жерде тұрып, шеңберге лақтыру)Бір-біріне кедергі жасамауды.<br>Қауіпсіздік ережесін сақтауды, жаттығулар ережелерінің толық орындалуын қадағалау.<br>**Көркем әдебиет , Мүсіндеу.**<br>**Тақырыбы**: «Қысқы жануарлар»<br>Табиғаттағы жануарларды тану.<br>Тілін дамыту | әуен ырғағына шеңбер бойымен ырғала қозғалып, қармен көрсеткен қимылдарды қайталап жасату. Ойын; «Жүгіреміз жүреміз»<br>Мақсаты; Әуеннің мәтінің тыңдай отырып , сәйкес қимылдар жасауға дағдыландыру.Ойын шарты; Саз жетекшісі жүгіреміз деп әуендеткенде балалар жүгіреді . аяқты ұрамыз дегенде аяқтарымен топылдатады., солға оңға бұрыламыз деп әндеткенде балалар сәйкес қимылдарды орындаулары тиіс.<br>**Тіл дамыту,сурет салу, мүсіндеу.**<br>Тақырыбы:«Ақ боран»<br>Балалар, мен сендерге өлең жолдарын оқығым келіп тұр. Тұманбай Молдағалиев ақын жазушының өлең жолдары.<br>Боран, боран, ақ боран,<br>Адаспаса екен атты адам.<br>Даланы кезіп барады,<br>Ақ киімділер қаптаған.<br>Қыс мезгіліндегі ерекшеліктер?Боран.<br>Боран деген қыстың күндері қар жауған кезде желдің қатты тұруы. Қар желсіз, тыныш жауса, ол | «мияу мияу» деп дыбыстап демді сыртқа шығара денені алға еңкейтеді.<br>Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:<br>1.Аяқ ұшымен жұптасып жүру.<br>2. қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтау<br>3. ирелеңдеген баудың бойымен еркін жүру<br>Б.қ отыру,аяқты алға созу<br>Қимылды ойын:<br>«Допты тез жина»<br>Допты қос қолмен ұстап, Белгіленген жерде тұрып, шеңберге лақтыру)Бір-біріне кедергі жасамауды.<br>Қауіпсіздік ережесін сақтауды, жаттығулар ережелерінің толық орындалуын қадағалау.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру,құрастыру,жапсыру.**<br>Тақырыбы:<br>«Құстар біздің досымыз»<br>Қазір жылдың қай мезгілі?Балалар қыс мезгілінде ұшатын құстармен танысамыз?<br>Қарға.<br>Торғай. | допты алып береді түсті қайталайды.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру, жапсыру,құрастыру, сурет салу**<br>**Тақырыбы:** « Жануарлар мен олардың үйі»<br>Жануарларды және олардың мекенің тануға үйрету.<br>Табиғаттағы әртүрлі қоршаған ортаны(орман, үңгір, ағаш үй) көрсету.Қарапайым сөйлем құруға үйрету.<br>Үңгірдің суретін салу, жапсыру және құрастыру. | «мияу мияу» деп дыбыстап демді сыртқа шығара денені алға еңкейтеді.<br>Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:<br>1.Аяқ ұшымен жұптасып жүру.<br>2. қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтау<br>3. ирелеңдеген баудың бойымен еркін жүру<br>Б.қ отыру,аяқты алға созу<br>Қимылды ойын:<br>«Допты тез жина»<br>Допты қос қолмен ұстап, Белгіленген жерде тұрып, шеңберге лақтыру)Бір-біріне кедергі жасамауды.<br>Қауіпсіздік ережесін сақтауды, жаттығулар ережелерінің толық орындалуын қадағалау.<br>**Тіл дамыту, мүсіндеу.**<br>Тақырыбы:<br>«Жапалақтапқар жауды»<br>Ғажайып сәт.<br>Балалармен , қысқы орманға саяхатқа бару.<br>Аудио дауысты тыңдатып, қыс мезгіліндегі қар ізін, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қысқаша әңгіме.<br>Қыста орманда бір аппақ қарға көмкерілген. Қоян терең ұйқыға кетеді, ал түлкі азық іздеуге шығады. Сірке қаздар суға ұшып барады. Иттер мен мысықтар үйде жылы жерде қалады, ал құстар тамақ іздеп ағаштарға қонады.Балалар орманда жүріп , жануарларды бақылап, оларға көмектесуге тырысады.<br>Қоянды ак немесе сұр ермексазбен домалақтап пішінін жасау. | «боран» деп аталмайды. Ал жел өте қатты және қар өте қалың жауып тұрса, қалың жауып жатқан қардан төңіректегілер көрінбей, барлық жер аппақ болып көрінсе, ол «ақ боран» деп аталады. Борандатып жауған қарлар желге ұшып, сай – сала теп – тегіс болып, тегіс жерден айырмасы болмай қалады. Ақ боран соққанда желдің дауысы қасқырдың ұлығаны сияқты естіледі.Суретте әже не ойлап отыр?<br>Ойын: «Қар жинау»<br>Шарты: қар ерімей тұрып, шелекке тез жинау керек.<br>Балаларға боран бейнеленіп жатырған әдемі көрініс суретті беріп бояту мүсіндету.<br>Қорытынды: сұрақ-жауап.<br>Балаларды мадақтау. | Көгершін .<br>Көк шымшық.<br>Құстардың суреттерін көрсету.<br>Құстың суретін құрастыру және жапсыру.<br>Қорытынды: сұрақ-жауап.<br>Балаларды мадақтау. | | боран, шел даусын тындату.<br>Қар туралы түсінік беру.<br>Жапалақтап қар жауады-бұлыңғыр күн<br>Бұлыңғыр күн,өкпекті жұлындырдың<br>Шамам қайдан келеді санам дімкәс<br>Қалар ма екен таусылып мұңым бір күн<br>Қыс мезгілі қардың жапалақтап жауып тұрған суретті мүсіндеу.<br>Қорытынды: мадақтау |
| **Серуенге дайындық** | Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау,ұқыпты киіне білуге,бір-біріне көмектесе білуге үйрету | | | | |
| **Серуен** | Картотека № | Картотека № | Картотека № | Картотека № | Картотека № |
| **Серуеннен оралу** | Топ бөлмесіне арналған киімді ауыстырып кие білуге,киімдерін сөресіне ұқыпты жинауға дағдыландыру | | | | |
| **Түскі ас** | Тамақты асықпай ішуге дағдыландыру. Қолды дұрыс жууға дағдыландыру. Қолды дұрыс жууға дағдыландыру.<br>Рақмет дәміне,<br>Ризалық берсін бәріне.<br>Аман болып басыңыз,<br>Жүзге жетсін жасыңыз. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Қоян мен түлкі» | «Аққала» | «Қызыл алма» | «Күс пен жел» | «Үш аю» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары | Ояну кешені №10 | | | | |
| Бесін ас | Үстел басында сөйлемеу. Балалардың назарын тағамға аудару. Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.<br>Рақмет дәміне,<br>Ризалық берсін бәріне.<br>Аман болып басыңыз,<br>Жүзге жетсін жасыңыз. | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | **Сенсорика**<br>«Жұмсақ - қатты»<br>Қапшыққа әртүрлі заттар салынады. Балалар қолымен ұстап, сипаттайды «Жұмсақ» «қатты».<br>**Музыка*****<br>«Сұр қоян» әннің жаттау | **Көркем әдебиет**<br>«Менің әжем»<br>Менің әжем-ақ әжем.<br>Ұл мен қыздың бағы әжем. Ертегі айтып бер десем.Айтып берер тағы әжем. Қ.Мырза әли.<br>Шарты: Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.<br>**Музыка*****<br>«Ақ төс» әннің жаттау | **Көркем әдебиет**<br>«Аққала»<br>Қар жауғанда топ бала.<br>Соқтық келіп аққала.<br>Мұрны сәбіз үп-үшкір.<br>Көзі көмір қап-қара.<br>Шарты: Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларғныа сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.<br>**Музыка*****<br>«Қыс келді» әннің жаттау | **Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Әңгіме жүргізу<br>«Қыс қызығы»<br>**Музыка*****<br>«Жаңа жыл» әннің жаттау | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалармен жеке жұмыс | Үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп тапсырмаларды орындауды үйрету.<br><br>«Қағазды қырқы»<br>Шарты: Ұсақ моторикаңы, | Педагогтың көмегімен шағын тақпақтарды қайталатуға үйрету | түсі, көлемі, пішіні бойынша заттарды өз бетінше зерттеуге және салыстыруға талпындыру.<br><br>«Сиқырлы пластилин»<br>Шарты: Саусақ буындарын дамыту, қиялды арттыру.<br>Барысы: Балалар | Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық танытуды қалыптастыру, оларды жақсы көруге сипауға үйрету. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қайшымен жұмыс дағдысын дамыту. Барысы: Балалар түрлі-түсті қағазды сызық бойымен қияды. | | пластилиннен әртүрлі пішіндер, аңдар, жемістер жасайды. | | |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерін өз бетінше киюге үйрету, түймелерін өз бетінше тағуға үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Дене тәрбиесі*****<br>Ұлттық ойын;<br>«Асық ату» | **Дене тәрбиесі*****<br>«Қояндар секіреді»<br>Ойын тәсілі; Қояндар секірсін!<br>Балалар екі аяқпен жеңіл секіреді<br>Жем терейік! (еңкейіп, көтеріледі) | **Дене тәрбиесі *****<br>Қимылды ойын:<br>«Аюды оятпайық»<br>Ойнау тәсілі; ортада» «ұйықтап жатқан аю»(тәрбиеші)<br>Балалар баяу, дыбыссыз жүреді.<br>Аю «оянғанда» бәрі қашады. | **Дене тәрбиесі*****<br>«Құстар ұшады»<br>Барысы; Тәрбиеші: «Құстар ұшады» дейді – балалар қолдарын қағып жүгіріп жүреді. «Құстар қонды»- тоқтайды. | Дене тәрбиесі***<br>«Күн мен жаңбыр»<br>Барысы: «Күн шықты» –балалар серуендейді. «Жаңбыр жауды» - бір жерге жиналады. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналарға ұсыныс: Балаларға дыбыстарды айтқызып үйрету. Тілдерін дамыту. | Ата аналарға ұсыныс: Санамақ жаттату. Дыбыстарды анық айтқызу. | Медбике кеңесі<br>Баланың дені сау болып өсу үшін күн тәртібін сақтау маңызды. | Психолог кеңес<br>Баламен күн сайын әңгімелесу. | Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгімелеу. |